



**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі № 316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 шілдеде № 23268 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес және "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысын іске асыру мақсатында, сондай-ақ 2021-2022 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлу және 2021-2022 оқу жылына арналған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия отырысының 2021 жылғы 7 маусымдағы № 1 хаттамасының негізінде БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекші ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі

А. Аймағамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"\_\_" \_\_\_\_\_ 2021 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"\_\_" \_\_\_\_\_ 2021 жыл

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
2021 жылғы 2 шілдедегі  
№ 316 бұйрығына  
3-қосымша

**2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындарына PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды	Білім беру бағдарламалары тобының атауы	Орын саны
8D01 Педагогикалық ғылымдар			
8D011 Педагогика және психология	D001	Педагогика және психология	45
8D012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	D002	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	5
8D013 Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	D003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	22
8D014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтерді даярлау	D005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	7
8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді даярлау	D010	Математика педагогтерін даярлау	30

	D011	Физика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	23
	D012	Информатика педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	35
	D013	Химия педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	22
	D014	Биология педагогтерін даярлау (қазақ, орыс, ағылшын тілі)	18
	D015	География педагогтерін даярлау	18
8D016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтерді даярлау	D016	Тарих педагогтерін даярлау	17
8D017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтерді даярлау	D017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	37
	D018	Орыс тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	24
	D019	Шет тілі педагогтерін даярлау	37
8D018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	D020	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	10
8D019 Арнайы педагогика	D021	Арнайы педагогика	20
		Барлығы	370
8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар			
8D022 Гуманитарлық ғылымдар	D050	Философия және әдеп	20
	D051	Дінтану және теология	11
	D052	Исламтану	6
	D053	Тарих және археология	33
	D054	Түркітану	7
	D055	Шығыстану	10
8D023 Тілдер және әдебиет	D056	Аударма ісі, ілеспе аударма	16
	D057	Лингвистика	15
	D058	Әдебиет	26
	D059	Шетел филологиясы	19
	D060	Филология	42
		Барлығы	205
8D03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат			
8D031 Әлеуметтік ғылымдар	D061	Әлеуметтану	20
	D062	Мәдениеттану	12
	D063	Саясаттану және конфликтология	25
	D064	Халықаралық қатынастар	13
	D065	Аймақтану	16
	D066	Психология	17
8D032 Журналистика және ақпарат	D067	Журналистика және репортер ісі	12

	D069	Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі	3
		Барлығы	118
8D04 Бизнес, басқару және құқық			
8D041 Бизнес және басқару	D070	Экономика	39
	D071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	28
	D072	Менеджмент және басқару	12
	D073	Аудит және салық салу	8
	D074	Қаржы, банктік және сақтандыру ісі	21
	D075	Маркетинг және жарнама	7
8D042 Құқық	D078	Құқық	30
		Барлығы	145
8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика			
8D051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар	D080	Биология	40
	D081	Генетика	4
	D082	Биотехнология	19
	D083	Геоботаника	10
8D052 Қоршаған орта	D084	География	10
	D085	Гидрология	8
	D086	Метеорология	5
	D087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	15
	D088	Гидрогеология және инженерлік геология	7
8D053 Физикалық және химиялық ғылымдар	D089	Химия	50
	D090	Физика	70
8D054 Математика және статистика	D092	Математика және статистика	50
	D093	Механика	4
		Барлығы	292
8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар			
8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	D094	Ақпараттық технологиялар	80
8D062 Телекоммуникациялар	D096	Коммуникация және коммуникациялық технологиялар	14
8D063 Ақпараттық қауіпсіздік	D095	Ақпараттық қауіпсіздік	26
		Барлығы	120
8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары			

8D071 Инженерия және инженерлік іс	D097	Химиялық инженерия және процестер	46
	D098	Жылу энергетикасы	22
	D099	Энергетика және электр техникасы	28
	D100	Автоматтандыру және басқару	32
	D101	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	10
	D102	Роботты техника және мехатроника	13
	D103	Механика және металл өңдеу	35
	D104	Көлік, көліктік техника және технология	18
	D105	Авиациялық техника және технологиялар	3
	D107	Ғарыштық инженерия	6
	D108	Наноматериалдар және нанотехнологиялар	21
D109	Мұнай және кен геофизикасы	6	
8D072 Өндірістік және өңдеу салалары	D111	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	20
	D114	Тоқыма: киім, аяқ киім және былғары бұйымдары	9
	D115	Мұнай инженериясы	15
	D116	Тау-кен инженериясы	19
	D117	Металлургиялық инженерия	20
	D119	Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	13
8D073 Сәулет және құрылыс	D121	Геология	24
	D122	Сәулет	15
	D123	Геодезия	16
	D124	Құрылыс	12
	D125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	13
D128	Жерге орналастыру	14	
8D074 Су шаруашылығы	D129	Гидротехникалық құрылыс	5
8D075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	D130	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	11
		Барлығы	446
8D08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар			
8D081 Агрономия	D131	Өсімдік шаруашылығы	22
8D082 Мал шаруашылығы	D132	Мал шаруашылығы	12
8D083 Орман шаруашылығы	D133	Орман шаруашылығы	6

8D084 Балық шаруашылығы	D134	Балық шаруашылығы	4
8D087 Агроинженерия	D135	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	5
	D136	Автокөлік құралдары	3
8D086 Су ресурстары және суды пайдалану	D137	Су ресурстары және суды пайдалану	11
		Барлығы	63
8D09 Ветеринария			
8D091 Ветеринария	D138	Ветеринария	21
		Барлығы	21
8D11 Қызмет көрсету			
8D111 Қызмет көрсету саласы	D143	Туризм	11
8D112 Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	D146	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	5
	D147	Көлік қызметі	5
8D113 Көлік қызметтері	D148	Логистика (сала бойынша)	4
8D114 Әлеуметтік қамсыздандыру	D142	Әлеуметтік жұмыс	10
		Барлығы	35
		Жиыны	1815
		"Назарбаев Университеті" ДБҰ	65
		Шетел азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларына арналған стипендиялық бағдарлама	10
		Жиыны	1890